



№3 (61)
2020

Құрылтайшы және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәріпбеков Р.Қ. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділдин Е.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киш, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Қазиев З.Г. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Киязова А.Ж. – (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрғазиев Б.Қ. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Нұр-Сұлтан,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек, Қырғызстан)

Журнал редакциясы

Джамбуришин К.А.
Колтубаева Г.Б.
Ерлешева Д.Т.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алашқой есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қ., Д. Қонаев к., 12/1
«Сулы-жасыл желек» БО
тел.: 8 (7172) 57-03-42

www.zqai.kz

E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quyqytyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quyqytyq jýrnal

Редакция бағанасы

Конституциялық және әкімшілік құқық

- Р.Қ. СӘРПЕКОВ Құқықтық кеңістікті цифрландыру 12
- Б.Қ. НҰРҒАЗИНОВ, М.С. АҚЫШЕВ, А.В. БОРЕЦКИЙ Конституциялық құқықтағы «жеке бас бостандығы» және «жеке бостандық» ұғымдарын түсінуге қатысты мәселеге 25
- С.К. ИДРЫШЕВА Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде мемлекеттік тілді қолдану саласындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі 34
- Г.А. АЛИБАЕВА, Г.А. АБЕНОВА, М.К. МУСАБАЕВ Кәмелетке толмағандарды әкімшілік-құқықтық қорғау: шетелдік тәжірибе және оны Қазақстанда пайдалану қажеттілігі 43
- Т.С. НҰРЫШЕВА Сот төрелігінің конституциялық принципі ретінде кінәсіздік презумпциясын практикада қолдану мәселелері 51

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

- Е.А. ДҮЙСЕНОВ Заңнаманы экологизациялаудың өзекті мәселелері 58
- Г.Б. ҚЫСЫҚОВА, А.Қ. ЖАҚСЫЛЫҚОВА Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу тетіктерін жетілдіру туралы мәселеге 66
- Е.У. ЫҚСАНОВ Жер қойнауын пайдалану қатынастарын азаматтық құқық нормаларымен реттеу шектері 75
- М.Х. ХАСЕНОВ Қазақстан Республикасында мүлктік кешеннің құқықтық режимін заңнамалық бекіту қажеттілігі туралы 80
- А.К. РАХМЕТОЛЛОВ, А.С. ҚЫЗДАРБЕКОВА, С.Д. БЕКШЕВА Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің және нормативтік құқықтық актілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасының кейбір мәселелері 89
- С.К. АМАНДЫКОВА, А.М. ЕСЕНТЕМИРОВА, А.А. КУСАНОВ Эндаумент-қорларды құқықтық реттеудің кейбір мәселелері 97

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

- Р.Қ. СӘРПЕКОВ, Д.А. ФИНК Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жәбірленуші және куә әйелдерге қатысты мемлекеттік қорғау шаралары мен қауіпсіздік шаралары жүйесі 104
- Л.Е. НҰРЛЫМБАЕВА, Л.В. БРУСНИЦЫН, А.Н. АҚПАНОВ Қылмыстық бұйрық өндірісі: іс жүргізу нысанын саралау мәселелері 114
- С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Салықтық қылмыстық құқық бұзушылықтарды қасаудың себептері мен шарттары 122
- А.Т. КӨРШОВА, Е.А. ОМАРОВ, Т.Г. МАХАНОВ Қазақстан Республикасындағы қылмыстық сот ісін жүргізудің процестік шығындарын өндіріп алуды регламенттеудің өзекті мәселелері 131

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану

- М.А. СӨРСЕМБАЕВ, Д.М. СӨРСЕМБАЕВ Халықаралық және ұлттық валюта құқығы, автокөлік және жолдар 141
- Ж.О. ҚҰЛЖАБАЕВА, Ю.С. КОСТЯНАЯ Ақпарат түсінігі туралы мәселеге 150
- А.Е. ЖАТКАНБАЕВА, А.К. ДЖАНГАБУЛОВА, К.Н. АЙДАРХАНОВА Траншекаралық бассейндердегі су объектілерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басымдықтары және трансшекаралық өзендерді мемлекетаралық пайдалану негіздері 159

А.Ж. СЫЗДЫҚОВ, Б.Ж. САҒЫМБЕКОВ Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың әкімшілік-құқықтық шараларын салыстырмалы-құқықтық талдау (Қазақстан мен Ресей тәжірибесі).....	167
---	-----

Құқықтық мониторинг

А.Қ. ҚАНАТОВ, О.С. ҚАРАХОЖАЕВ, Д. ДОСМЫРЗА Алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу тиімділігінің (тиімсізділігінің) проблемалық аспектілері (заңнаманы талдау).....	174
А.Б. ҚАЙЖАҚПАРОВА Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнаманың қалыптасуы және дамуы.....	183

Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан

М.А. АЙЫМБЕТОВ Заң терминдерін жүйелеудің кейбір мәселелері.....	191
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Заңда қолданылатын құқықтық фраземалар және ондағы аударманың рөлі.....	195

Жас ғалым мінбері

Ж.К. ЖЕТІБАЕВ Германия мемлекетінің тәжірибесі бойынша электрондық мәмілелердің құқықтық жағдайы.....	201
А.М. АЙТУАРОВА Шет елдерде электрондық үкіметті құқықтық реттеу.....	207
Ю.С. КОСТЯНАЯ Ақпарат - халықаралық-құқықтық қорғау объектісі ретінде.....	215
Ж.А. КҰРАНБЕК Қазақстан Республикасында электрондық (цифрлық) қолтаңбаларды қолданудың кейбір заңдық және техникалық мәселелері туралы.....	228
Р.Э. МАММАДОВ Қылмыскер-мигранттың криминологиялық ерекшеліктері және оның психологиялық сипаттамасы.....	239
О.Р. КЛИМОВА Жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды Қазақстан Республикасының соттары қараған кезде мерзімдерді қолдану және сақтау.....	247

«Жаршының» архивтік беттері

Н.А. ХАМЗИНА Заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі (ҚР ЗИ Жаршысы №4(20)-2010 ж. - 143-146 бб.).....	256
Қ.Ж. ТҰРСЫН ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының аға сарапшы-лингвисті Н.А. Хамзинаның «Заң шығармашылығындағы мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі» ғылыми жарияланымына қайта оралғанда.....	259

Есімнама

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, з.ғ.д., профессор А.Н. Ақпанов – 60 жаста!.....	266
--	-----

Библиография

В.Г. Стрекозовтың «Конституционное право России» атты кітабына рецензия – М.: Юрайт, 2019. -256 б.....	268
--	-----

Даналық ойлар

.....	270
-------	-----



**№3 (61)
2020**

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации Республики
Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета

Сарпеков Р.К. (Нур-Султан, Казахстан) –
(председатель)
Абайдылинов Е.М. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)

Главный редактор

Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный деятель
культуры РК (Нур-Султан, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Нур-Султан, Казах-
стан)
Князова А.Ж. – (Нур-Султан, Казахстан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Нур-Султан, Казах-
стан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Нур-
Султан, Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Нур-Султан,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Камен-
огорск, Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)

Редакция журнала

Джамбуришин К.А.

Колтубаева Г.Б.

Ердешева Д.Т.

Жумагелдина Б.Ж.

Байленова А.К.

тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке

на учет СМН № 17761-Ж

от 25.06.2019 г. Комитета информации

Министерства информации и коммуникаций

Республики Казахстан

(Первичная постановка на учет

№6592-Ж, 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан, 010000,

г. Нур-Султан, ул. Д. Конаева, 12/1

БЦ «На Водно-зеленом бульваре»

тел.: 8 (7172) 57-03-42

www.zqai.kz

E-mail: instzak-kz@mail.ru

institutzakonodatelstva@gmail.com

ВЕСТНИК

*Института законодательства и правовой
информации Республики Казахстан*

научно-правовой журнал

Колонка редакции.....8

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Цифровизация правового пространства.....12
Б.К. НУРГАЗИНОВ, М.С. АКИШЕВ, А.В. БОРЕЦКИЙ К вопросу
о понимании понятий «свобода личности» и «личная свобода» в консти-
туционном праве.....25

С.К. ИДРЫШЕВА Состояние конституционной законности в сфере
применения государственного языка в законодательных актах Республи-
ки Казахстан.....34

Г.А. АЛИБАЕВА, Г.А. АБЕНОВА, М.К. МУСАБАЕВ Administra-
тивно-правовая защита несовершеннолетних: зарубежный опыт и необ-
ходимость его использования в Казахстане.....43

Т.С. НУРЫШЕВА Вопросы практического применения презумпции
невинности как конституционного принципа правосудия.....51

Гражданское и гражданско-процессуальное право

Е.А. ДЮСЕНОВ Актуальные вопросы экологизации законодатель-
ства.....58

Г.Б. КЫСЫКОВА, А.К. ЖАКСЫЛЫКОВА К вопросу о совершен-
ствовании механизмов долевого участия в жилищном строительстве.....66

Е.У. ИХСАНОВ Пределы гражданско-правового регулирования от-
ношений в сфере недропользования.....75

М.Х. ХАСЕНОВ О необходимости законодательного закрепления
правового режима имущественного комплекса в Республике Казахстан.....80

А.К. РАХМЕТОЛЛОВ, А.С. КИЗДАРБЕКОВА, С.Д. БЕКИШЕВА
К вопросу об индексе восприятия коррупции и антикоррупционной экс-
пертизе нормативных правовых актов в обеспечении защиты прав пред-
принимателей.....89

**С.К. АМАНДЫКОВА, А.М. ЕСЕНТЕМИРОВА, А.А. КУСАИ-
НОВ** Некоторые вопросы правового регулирования эндаумент-фондов.....97

Уголовное право и уголовный процесс

Р.К. САРПЕКОВ, Д.А. ФИНК Система мер государственной защи-
ты и мер безопасности в отношении женщин-потерпевших и свидетелей
при досудебном производстве по уголовным делам.....104

Л.Е. НУРЛУМБАЕВА, Л.В. БРУСНИЦЫН, А.Н. АХПАНОВ Уго-
ловное приказное производство: проблемы дифференциации процессу-
альной формы.....114

С.С. КАРЖАУБАЕВ Причины и условия совершения налоговых
уголовных правонарушений.....122

А.Т. КАРИПОВА, Е.А. ОМАРОВ, Т.Г. МАХАНОВ Актуальные во-
просы регламентации взыскания процессуальных издержек уголовного
судопроизводства в Республике Казахстан.....131

Международное право и сравнительное правоведение

М.А. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Международное и на-
циональное валютное право, автотранспорт и дороги.....141

Ж.О. КУЛЖАБАЕВА, Ю.С. КОСТЯНАЯ К вопросу о понятии ин-
формации.....150

А.Е. ЖАТКАНБАЕВА, А.К. ДЖАНГАБУЛОВА, К.Н. АЙДАРХАНОВА Приоритеты обеспечения экологической безопасности водных объектов в трансграничных бассейнах и основы межгосударственного использования трансграничных рек.....	159
А.Ж. СЫЗДЫКОВ, Б.Ж. САГЫМБЕКОВ Сравнительно-правовой анализ административно-правовых мер профилактики бытового насилия (опыт Казахстана и России).....	167
Правовой мониторинг	
А.К. КАНАТОВ, О.С. КАРАХОЖАЕВ, Д. ДОСМЫРЗА Проблемные аспекты эффективности (неэффективности) судопроизводства с участием присяжных заседателей (анализ законодательства).....	174
А.Б. КАЙЖАКПАРОВА Становление и развитие законодательства в области особо охраняемых природных территорий Республики Казахстан.....	183
Из практики законотворчества на государственном языке	
М.А. АЙЫМБЕТОВ Некоторые вопросы систематизации законодательных терминов.....	191
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Правовые фраземы, применяемые в законе, и роль перевода в нем.....	195
Трибуна молодого ученого	
Ж.К. ЖЕТИБАЕВ Правовое положение электронных сделок по опыту германского государства.....	201
А.М. АЙТУАРОВА Правовое регулирование электронного правительства в зарубежных странах.....	207
Ю.С. КОСТЯНАЯ Информация как объект международно-правовой защиты.....	215
Ж.А. КУРАНБЕК О некоторых юридических и технических вопросах применения электронных (цифровых) подписей в Республике Казахстан.....	228
Р.Э. МАММАДОВ Криминологические особенности личности преступника-мигранта и его психологическая характеристика.....	239
О.Р. КЛИМОВА Применение и соблюдение сроков при рассмотрении судами Республики Казахстан жалоб на действия (бездействие) частных судебных исполнителей.....	247
Архивные страницы «Вестника»	
Н.А. ХАМЗИНА Степень формирования государственного языка в законотворчестве (статья в Вестнике ИЗ РК №4(20)-2010 г. - С. 143-146).....	256
Қ.Ж. ТҰРСЫН Возвращаясь к научной публикации старшего эксперта-лингвиста Института законодательства Республики Казахстан Н.А. Хамзиной «Степень формирования государственного языка в законотворчестве».....	259
Персоналии	
Главному научному сотруднику Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, д.ю.н., профессору А.Н. Ахпанову – 60 лет!.....	266
Библиография	
Рецензия на учебник «Конституционное право России» / Стрекозов В.Г. 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2019. -256 с.....	268
Мудрые мысли	270



№3 (61)
2020

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute
of Legislation and Legal information
of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed
on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894 from
05.30.2013)

Editorial Council members
Sarpekov R.K. (Nur-Sultan, Kazakhstan) –
(Chairman)
Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Chief Editor
Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members
Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Aiyembetov M.A. – Honored Worker of Culture
of Kazakhstan, (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Kiyazova A.Zh. – (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Konusova V.T. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Nur-Sultan,
Kazakhstan)
Nurgazinov B.K. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Nurmagambetov R.G. – PhD
(Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Nur-Sultan, Kazakh-
stan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk,
Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyr-
gystan)

The editorial staff
Dzhamburshin K.A.
Koltubayeva G.B.
Yerdesheva D.T.
Zhumageldina B.Zh.
Bailenova A.K.
tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media
№17761-G from 25.06.2019 from
the Information Committee of the Ministry
of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration №6592-
Zh.07.09.2005.)

Address:
The Republic of Kazakhstan,
010000, Nur-Sultan, D. Konaev str., 12/1
BC «On the water-green boulevard»
tel.: 8(7172) 57-03-42
www.zqai.kz
e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal

Editorial.....10

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Digitalization of the legal space.....	12
B.K. NURGAZINOV, M.S. AKISHEV, A.V. BORETSKY On the issue of understanding the categories of «personal liberty» and «personal freedom» in constitutional law.....	25
S.K. IDRYSHEVA State of constitutional legality in the sphere of state language application in the legislative acts of the Republic of Kazakhstan.....	34
G.A. ALIBAEVA, G.A. ABENOVA, M.K. MUSABAEV Administrative legal protection of the minors: experience of foreign states and necessity of its application in Kazakhstan.....	43
T.S. NURYSHEVA Issues of practical application of the presumption of innocence as a constitutional principle of justice.....	51

Civil and Civil Procedure Law

Ye.A. DYUSSENNOV Actual issues of legislation's ecologization.....	58
G.B. KYSSYKOVA, A.K. ZHAXYLYKOVA On the issue of improving the mechanisms for equity participation in housing construction.....	66
Y.U. IKHSANOV The limits of civil law regulation of the subsoil use relations.....	75
M.Kh. KHASSENNOV On the necessity for legislative determination of the legal regime of the property complex in the Republic of Kazakhstan.....	80
A.K. RAKHMETOLLOV, A.S. KIZDARBEKOVA, S.D. BEKISHEVA On the issues of the corruption perception index and anti-corruption expertise of legal acts in ensuring the protection of entrepreneurs' rights.....	89
S.K. AMANDYKOVA, A.M. YESSENTEMIROVA, A.A. KUSSAINOV The issues of legal regulation of endowment funds.....	97

Criminal law and Criminal procedure

R.K. SARPEKOV, D.A. FINK System of public protection measures and safety measures applied to female victims and witnesses in pre-trial proceedings of criminal proceedings.....	104
L.E. NURLUMBAEVA, L.V. BRUSNITSYN, A.N. AKHPANOV Institute of criminal writ proceedings: problems of differentiation of a procedural form.....	114
S.S. KARZHAUBAYEV Reasons and terms for committing tax criminal offenses.....	122
A.T. KARIPOVA, Y.A. OMAROV, T.G. MAKHANOV Current issues of regulation of the recovery of procedural costs of criminal proceedings in the Republic of Kazakhstan.....	131

International law and Comparative law

M.A. SARSEMBAYEV, D.M. SARSEMBAYEV International and national currency law, motor vehicles and roads.....	141
Zh.O. KULZHABAEVA, J.S. KOSTYANAYA On the concept of information.....	150
A.Y. ZHATKANBAEVA, A.K. JANGABULOVA, K.N. AYDARKHANOVA Priorities for ensuring the environmental safety of water bodies in transboundary basins and the basics of interstate use of transboundary rivers.....	159

CONTENT

A.Zh. SYZDYKOV, B.Zh. SAGYMBEKOV Comparative legal analysis of administrative legal measures for prevention of domestic violence (experience of Kazakhstan and Russia).....	167
Legal monitoring	
A.K. KANATOV, O.S. KARAKHOZHAYEV, D. DOSMYRZA Problematic aspects of the efficiency (inefficiency) of judicial proceedings with the participation of jurors (analysis of legislation).....	174
A.B. KAIZHAKPAROVA Legislation and development of legislation in the sphere of specially protected natural areas of the Republic of Kazakhstan.....	183
From the lawmaking practice in the official language	
M.A. AIYMBETOV The issues of systematization of legislative terms.....	191
D.M. SHYNGYSBAYEVA Legal phrasemes used in the law and the role of translation in it.....	195
Young researcher's tribune	
Zh.K. ZHETIBAYEV Legal status of electronic transactions according to the experience of German state.....	201
A.M. AITUAROVA Legal regulation of e-government in foreign countries.....	207
Y.S. KOSTYANAYA Information as the object of international legal protection.....	215
Zh.A. KURANBEK On the legal and technical issues of application of electronic (digital) signatures in the Republic of Kazakhstan.....	228
R.E. MAMMADOV Criminological features of a migrant criminal's personality and its psychological characteristics.....	239
O.R. KLIMOVA Application and compliance with deadlines when considering complaints by the courts of the Republic of Kazakhstan on the actions (inaction) of private bailiffs.....	247
The archive pages of the«Bulletin»	
N.A.KHAMZINA «The level of formation of the state language in lawmaking» (article in the Bulletin of the IL RK No. 4 (20) -2010 - P. 143-146).....	256
K.Zh. TURSUN On the paper of the senior expert linguist of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan N.A.Khamzina «The level of formation of the state language in lawmaking».....	259
Personalities	
60 years to the Chief researcher of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Laws, Professor A.N. Akhpanov.....	266
Bibliography	
Review of the “Constitutional Law of Russia” textbook / Strekozov V.G. 7th ed., revised and ext. - M.: Yurait, 2019. -256 p.	268
Wise thoughts	270

УДК 8.340.113.

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН ЖҮЙЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат
институты Лингвистика орталығының жетекші ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: madi_46@mail.ru

Түйін сөздер: Заңнама терминдерін жүйелеу, ұлттық терминжасам амалдары мен тәсілдері, халықаралық қолданыстағы терминдер, терминдердің қолданыстық ерекшелігі, ұлттық терминдік қор жасау.

Аннотация. Мақалада заң терминдерін сапалық тұрғыдан жүйелеудің кейбір өзекті мәселелері қозғалады. Автор заңнама терминдерінің қолданыс аясындағы қызметінің ерекшеліктерін атап көрсете отырып, оларды жүйелеудегі сапасының дәлдігіне ден қояды. Аталған мәндегі терминдердің лексикалық-смантикалық жасалу тәсілі жөнінде тұжырым жасайды. Қолданыс аясына қарай терминдердің салалық мағынасын дәлдеу – заң терминдерін жүйелеудің ең бірінші шарты болып табылатындығын және бұлайша жүйелеу терминнің бірізділігін және мағыналық жағынан ауытқумаушылығын барынша сақтауға, екіұдайлықты болдырмауға қол жеткізетіндігі дәйектеледі.

Мақала авторы заң терминжасамының амалдары мен тәсілдеріне мән берудің заң терминін жүйелеуде маңызды екенін айтады. Мақаланың мазмұндық сипатының тағы бір ерекшелігі халықаралық қолданыстағы заң терминдерінің ортақ сипатын нақты мысалдармен аша отырып, олардың ұлттық заңнама терминдерінің қорына енуінің сипатын көрсетеді, ұлтаралық мәртебесін айқындайды. Сондай-ақ ширек ғасырдан астам уақыттың ішінде халықаралық қолданыстағы біршама терминдердің де ұлттық тілімізде жатық, заңи нормалық сипаты нақты баламалары табылғандығын айрықша атап, бұлардың дені заңнама мәтіндерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылып жүргендігін дәлелдейді.

Мақалада терминнің ұлттық қорын қалыптастырудың маңыздылығы айтылады. Терминдік қорға енген әрбір термин ғылыми тұрғыдан да, заң жазу тәжірибесіне тигізер әсерінің тиімділігі тұрғысынан да ұлттық заңнаманы мемлекеттік тілде жазудың мүмкіндігін жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс екендігі ойға арқау болады. Заңнама терминдерін жүйелеудің ең түйінді мәселесі де осы деген қорытынды жасалады.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СИСТЕМАТИЗАЦИИ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ТЕРМИНОВ

Мәди Айтбенбетұлы Айымбетов

Ведущий научный сотрудник Центра лингвистики Института
законодательства и правовой информации Республики Казахстан,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: madi_46@mail.ru

Ключевые слова: систематизация юридических терминов, способы и методы создания национальной терминологии, термины международного характера, особая значимость действия законодательных терминов, создания национального терминологического фонда.

Аннотация. В статье затрагиваются некоторые актуальные вопросы систематизации юридических терминов. Автор отмечая особую значимость действия законодательных терминов, акцентирует внимание на качественный их отбор в сфере использования. Заключение делается на предмет лексико-семантических методов формирования указанных терминов. Важным условием является четкие уточнения отраслевого значения терминов, при этом данное систематизирование обеспечивает унификацию подобных терминов, а также констатируется недопустимость их двусмысленности в понятийном аспекте.

Автором статьи подчеркивается, насколько имеет значение в систематизировании терминов способы и методы их создания. Качество содержания данной статьи определяется еще одной особенностью - раскрытие общедоступного характера международных терминов конкретными примерами и внедрения их в фонд национальной законодательной терминологии, указывая на получение ими межнационального статуса. Кроме того, в статье констатируется, что за период в более чем четверть века обеспечены конкретные в смысловом

и нормативном значении альтернативные варианты многих законодательных терминов на государственном языке. И они успешно используются в законодательных текстах и на страницах средств массовой информации.

В статье отмечено значение создания национального терминологического фонда. Каждый термин, вошедший в данный фонд, и в своем научном, и в практическом аспектах должен способствовать в дальнейшем формированию национального законодательства на государственном языке. Это является основной мыслью в статье о систематизации юридической терминологии.

THE ISSUES OF SYSTEMATIZATION OF LEGISLATIVE TERMS

Aiymbetov Madi Aitbenbetuly

Leading Researcher of the Center for Linguistics, Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan, city Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: madi_46@mail.ru

Keywords: Systematization of legal terms, ways and methods of creating national terminology, international terms, special significance of legal terms, the establishments of a national terminology fund.

Abstract. The article deals with some topical issues of systematization of legal terms. The author notes the special significance of legal terms and focuses on their qualitative selection in use. The conclusion is made on the subject of lexical and semantic methods of forming these terms. An important condition is a clear clarification of the branch meaning of terms, while this systematization ensures the unification of such terms, as well as the inadmissibility of their ambiguity in the conceptual aspect.

The author emphasizes how important the ways and methods of their creation are in the systematization of terms. The quality of the content of this article is determined by another feature - the disclosure of the public nature of international terms by specific examples and their introduction into the national legal terminology fund, indicating that they have received an international status. Moreover, the article states that for a period of more than a quarter of a century, alternative versions of many legislative terms in the state language have been provided with specific semantic and normative meaning. Also, they are successfully used in legislative texts and on the pages of mass media.

The article notes the importance of establishing a national terminology fund. Any term included in this category, both in its scientific and practical aspects, should contribute to the further formation of national legislation in the state language. This is the main idea in the article about the systematization of legal terminology.

Заң - қоғамдық қатынастың сан салалы мәселелерін реттейтін, яғни өмір сүрудің, адам тіршілігінің экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік, құқықтық сипатының, азаматтық әрекеттесуінің тұтастай бір ережесі десек, заңнама терминдері соның мағыналық және нормалық нақтылығын қалыптастыратын басты құрал. Осы орайдан келгенде заңнама терминдерін жүйелеудің маңызы ерекше.

Заңнама терминдерін жүйелеу ұғымына ғылыми көзқарас тұрғысынан келсек, жалпы терминжасам мәселелерімен өзектес тұжырымдарға ден қойылуы қажет. Терминжасамның лексикалық-семантикалық аспектісін негізге ала отырып, заңнама терминдерінің жасалу тәсілдері мен амалдарын тілге тиек еткен орынды. Ең алдымен оны қолданыстық саласының табиғатына басты назар аудару қажет. Айталық, сот ісіне ғана тән терминнің мағыналық немесе нормалық қолданысы негізінен тек сол саланың қарастыратын мәселелерін қамтиды. Бұл - дау тудырмас, басы ашық ақиқат. Белгілі бір терминнің заң мазмұнын ашудағы

нормалық қызметін ерекшеленудің негізгі принципі де осыған саяды. Демек, қолданыс аясына қарай терминдерді салалық мағынасын дәлдеу – заң терминдерін жүйелеудің ең бірінші шарты болып табылады. Бұлайша жүйелеудің оңтайлылығы терминнің бірізділігін және мағыналық жағынан ауытқумаушылығын барынша сақтауға, екіұдайлықты болдырмауға қол жеткізеді.

Заң терминін қалыптастырудың лексикалық-семантикалық тәсілінің өзіндік ерекшелігі толықтай ескеріліп жасалған терминдерінің өміршеңдігі оның нормалық дәлдігімен айқындалуы тиіс екендігін айтуымыз керек. Бұл тұрғыдан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, заң ғылымдарының докторы, профессор Бағлан Мақұлбековтің «Заң терминдерінің ерекшелігі сол, олар қабылданған құқықтық актілердің заңнамалық күшін айқындауда үлкен роль атқарады, олардың басқа құжаттардан айырмашылығын білдіреді. Қабылданған заңнама актілері көпшілікке түсінікті болу үшін қолданылған терминдердің

логикалық нанымдылығына, пайдалану орнына, заңдылық тұрғыдан тиімділігіне баса назар аударған жөн» [1, 21-27 б.] деген пікірі өте орынды.

Өртүрлі құқықтық қатынаста нақты бір нормалық ұғымды беру үшін тіл заңдылығының нормалары сақтала отырып, заңнамада жаңа атау жасау қажеттілігі туындайды, ал бұл атау – термин, яғни жаңа термин жасалады. Сондықтан да бүгінгі таңда жаһандық ықпалдасудың нәтижесінде көптеген жаңа ұғымдардың пайда болуын заңды құбылыс деп қараған абзал. Міне, бүгінде заң терминін жүйелеуде терминдік қордың жаңа ұғымдарының мемлекеттік тілдегі баламасын жасаудың өзектілігі артып келеді. Әрине, мемлекеттік тілдегі заңнамада көптеген атаулардың жаңа қазақша баламасын жасау тәжірибесі заң актілерінің мәтіндерін орыс тілінен аудару барысында жүзеге асырылып келеді. Дәлірек айтқанда, ұлттық заңнама терминдері орыс лексикасының заңдылығына икемделген терминологияның ықпалынан әлі толықтай ажыраған жоқ. Түбірі латын, грек, ағылшын, неміс және Еуропаның басқа да тілдерінен алынған терминдер нұсқасының қазақша баламасы да олардың орысшаланған тұлғасы негізге ала отырып жасалады, көбіне «изм», «ация» жұрнақтарына тәуелділіктен заңнама терминдеріміз құтылған жоқ. Мәселен, «демократизм», «авторитаризмдік», «терроризм», «агроирригациялық», «авиациялық», «амортизациялық», «декларациялау», «облигациялық», «корпорация», «коммуникациялық», «радиациялық» және т.т. Бұл ойымыздың тиянағын қазақ тіліндегі психология терминдерінің тілдік табиғатын зерттеуші ғалым С. Исакованың іргелі зерттеу еңбегіндегі «Кірме терминдердің қазақ тіліне орыс тіліндегі қалпын сақтап алынуының және олардың аударылмауының басты себептерінің бірі – термин қабылдауда ұстанған принциптерімізге тікелей байланысты. Күні кешеге дейін термин қабылдауда ұстанған принциптеріміз кірме терминдердің ана тілімізге аударылуына немесе тіліміздің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес тұлғасын өзгертуіне кедергі жасап келді» [2] деген пікірінен де табамыз.

Терминжасам мәселесіндегі кеңестік идеологияға негізделген бұл қағидатты өзгертетін кез келді. Бұл ұлттық заңнама терминдері жүйесін қалыптастыру бағытындағы жаңа кезең болуға тиісті. Латын графикасына көшудің нәтижесіне бұл тұрғыдан келгенде үлкен сенім артылады. Кирилл әліпбиінің құрсауынан шығу ұлттық терминдердің, оның ішінде, заңнама терминдерінің өз тілімізде жазылуының жаңа қадамдарын қалыптастырады. Шынтуайтына келгенде, бұл өз кезегінде заңнама терминдерін ұлттандыру мәселесіндегі реформалық төңкеріс болады деген үміт бар.

Заңнама терминдерін біріздендіру де оны

жүйелеудің нақты бір көрінісі болып табылады. Бұл арада ескеретін бір жәйт. нормалық мағынасы бұрмаланып баламаланған атауларды немесе заңның нормалық мазмұнына орай өзіндік мәтіндік мағынада ғана қолданылатын терминдерді заңдық әрі лингвистикалық қайта сараптаудан өткізудің маңызы ерекше.

Айталық, Республикалық терминология комиссиясы мақұлдап, қолданысқа енгізілген «қағидат» [3, 103-б.] терминін «принцип» терминінің өз тіліміздегі түбегейлі баламасы ретінде ғана қарастырсақ, мағыналық дәлдікті сақтай аламыз ба деген сұрақ туындайды. О баста латыншада «*principium*» - «негіз», «бастапқы» мағынасында қолданылған бұл атаудың саясат, тіл, өнер, экономика және т.б. мәселелердегі мәні - «қағидат» болса, нақты ғылымдар мен техникада «принцип» болып қала беруге тиісті деп ойлаймыз. Мәселен, техникада «белгілі бір тетіктің жұмыс істеу қағидаты» дей алмаймыз ғой. Сол сияқты қоғамдық саяси мәндегі «үдеріс» атауының да техника саласындағы қолданысы - «процесс» (лат. *processus*). Ал француз тіліндегі «эксплуатация» (фр. *exploitation*) терминінің де «қанау» және «пайдалану» деген екі тұрғыдағы мағынасын заңның мәтіндік қолданысына қарай пайдалану қажеттігі айтпаса да түсінікті. Ал процестік заңнамадағы «қамақ» (арест) терминін мүлікке қатысты қолданғанда мәтіндік ұғымдалуына орай «тыйым» салу деп алынатындығы («наложение ареста на имущество») дау тудырмас ақиқат. Өкінішке орай, кейде аудармашылардың шалағайлығынан «мүлікті қамаққа, қамауға алып» жатамыз. Заңи нормалық нақтылығы мен лексикалық мағынасының үйлесімін артық-кемсіз өлшемдей білу арқылы ғана толыққанды термин түзуге болады. Осы екі шартты үйлестіру жолымен терминжасамда ойлағандай нәтижеге қолжеткізуге болады.

Терминдер бірізді қолданылмайды деген пікір осындай атаулардың мәтіндік мағынасының лексикалық тұрғыдағы дұрыс қолданысын түсінбеушіліктен келіп туындайды. Заңнама терминдерінің заң мәтініндегі осындай қолданыстық ерекшелігін ескермейінше, олардың дұрыс-бұрыстығына қатысты біржақты пікірлерге ұрыну қиын емес. Терминді жүйелеу мәселесінде терминнің өз мәнінде, айқын да дұрыс үйлесімде қолданылуын пайымға алу қажет деп есептейміз.

Заңнама терминдерін жүйелеу бағытындағы тағы бір өзекті мәселе - халықаралық қолданыстағы терминдерді заң мәтінінде дұрыс қолданудың қағидаты. Бұл тұрғыда әуелі терминдерге қатысты «халықаралық терминдер» деген анықтаманың басын ашып алған жөн. Біздің ойымыша, бұлайша анықтама жасау мүлдем қате, өйткені «халықаралық терминдер» деген мұндай терминдік ұғым жоқ, ал әлемдік деңгейде белгілі бір заңдық нормаға

ортақ қолданылуға енгізілген термин ғана бар. Мұндай терминдердің дифинициясы олардың әртүрлі тілге тән түбірлік атауын көрсетеді, мысалы, латынша, грекше, ағылшынша, немісше, французша, италиянша дегендей. Мәселе солардың халықаралық деңгейде қойылатын құқықтық мәселелердегі қолданысы туралы болғандықтан, бұларға «халықаралық қолданыстағы терминдер» деген анықтама берген жөн. Тарихи-әлеуметтік көзқарастан келгенде автономия, агент, акция, ассамблея, банк, библиография, биржа, библиография, демократия, конституция, социализм, т. б. толып жатқан терминдер төрткүл дүниенің тілінде қаншама заманалардан бері айтылып келе жатқанына ешкімнің күмәні болмауға тиіс. Сол сияқты әлемдік өзара ықпалдасудың әр кезеңінде бірқатар заңнама терминдерінің жаңа ұлтаралық ұғымдық мәртебесі де қалыптасқандығын, қалыптасу үстінде екендігін жоққа шығара алмаймыз, мысалы, акциз, аннуитет, аудит, байт, грант, менеджер, маркетинг, факсимиле, флешмоб, форс-мажор, франшиза, «электрондық үкімет», эскроу-шот, чартер, холдинг және тағысын-тағылар.

Сонымен қатар соңғы ширек ғасырдан астам уақыттың ішінде халықаралық қолданыстағы біршама терминдердің де ұлттық тілімізде жатық, заңи нормалық сипаты нақты баламалары табылғандығын айрықша атап өтпеске болмайды, бұлардың дені заңнама мәтіндерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылып жүр. Атап айтсақ, айыппұл (штраф), әкімшілік (администрация), зияткерлік (интеллектуалдық), жекешелендіру (приватизация), делдал (брокер), кеден (таможня), сәулет (архитектура), сауалнама (анкета), талап қою (иск), түрлендіру (модификация), рахымшылық (амнистия), құқық (право),

үйлестіру (координация), үлесакы (дивиденд), үлестес тұлға (аффилированное лицо), үрдіс (тенденция), ұштаған (триада), ұяқалып (матрица), ұстаным (позиция) және тағы да басқа көптеген терминдерді санамалап беруге болады.

Қоғамның дамуына ықпал етуші біріңғай әрекеттер жүйесін реттейтін өтұжырымдамалық ереженің негізгі заңи мазмұндық әлеуетін құрайтын заң терминін қалыптастыру процесі ұлттық өркениеттің, ұлттық сананың және ұлттық тілдік құралдың өзара үйлесімінен туындайды. Сол себептен термині тегеурінді де толымды кез келген заңының қолданыстық пайдасы мен өміршеңдігі өз деңгейінде халыққа қызмет ете білуімен тікелей байланысты. Ал мұның алғышарттары: нақтылық, бұлжымастық, әділдік. Осы тұрғыдан алып қарағанда заңнама терминінің сапалық жағынан әлеуетті болуы оның нормалық мағынасының айқындығымен анықталады.

Терминді жасаушы заңгерлерге, қазақ тіліндегі терминжасамаының академиялық қағидаттарының шеңберінде лексикалық толық сипатын жан-жақты сауатты әрлеп жұмырлайтын лингвист-терминшілерге қойылатын талап әрдайым да жоғары. Олардың ғылыми-теориялық әрі практикалық қызметінің бірегей нәтижесі заңнамалық терминологияның жүйелі қалыптасуына, терминдік қордың толығына түсуіне оң ықпалын тигізері сөзсіз. Терминдік қорға енген әрбір термин ғылыми тұрғыдан да, заң жазу тәжірибесіне тигізер әсерінің тиімділігі тұрғысынан да сапалы болса, ұлттық заңнаманы мемлекеттік тілде жазудың мүмкіндігін нақтылай жүзеге асыруға дайындықпен келер едік. Түйіндей айтсақ, заңнама терминдерін жүйелеудің ең түйінді мәселесі де осы мүддеге келіп саяды.

ӘДЕБИЕТ

1. Мақұлбеков Б. Заң терминдерінің өзектілігі және оларды қолдану тәжірибесі / «Рухани жаңғыру: Қазіргі қазақ терминологиясы» ғылыми-практикалық конференциясының материалдары». - Нұр-Сұлтан: «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы, 2019. - 112 б.
2. Исақова С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері. - Алматы, 2001. - 192 б.
3. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі / Жалпы редакциясын жүргізген М. Айымбетов. - Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2015. - 483 б.

REFERENCES

1. Maqulbekov B. Zaң terminderiniң ozektiligi zhāne olardy qoldanu tǝzhiribesi / «Ruhani zhaңgyru: Qazirgi qazaқ terminologijasы» ǝlymi-praktikalық konferencijasynың materialdary». - Nыr-Sыltan: «Til-Qazyna» ǝlymi-praktikalық ortalyǝy, 2019. - 112 b.
2. Isaqova S. Qazaқ tilindegi psihologija terminderiniң lingvistikalық mǝseleleri. - Almaty, 2001. - 192 b.
3. Zaңnama terminderiniң qazaқsha-orysssha, orysssha-qazaқsha sǝzdigi / Zhalpy redakcijasyn zhyrgizgen M. Ajymbetov. - Astana: «Qazaқstan Respublikasynың Zaңnama instituty» MM, 2015. - 483 b.